

КОМПАНИЯ БӘСЕКЕГЕ ҚАРСЫ ЕМЕС. АЛАЙДА, ТЕМІРЖОЛ ЖҮК ТАСЫМАЛЫНДА БӘСЕКЕЛЕСТІК ТЕТІКТЕРІН ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ЖҮЙЕЛІ ШАРАЛАР ҚАЖЕТ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ, КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫН КӨТЕРУГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАРЫ ТАРИФПЕН ҚАМТЫЛМАҒАН.

Әнуар АХМЕТЖАНОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының  
Стратегия және цифрландыру жөніндегі орынбасары



№41 (2756)  
03/06/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



## «НҰРЛЫ ЖОЛ» ВОКЗАЛЫНА – БЕС ЖЫЛ

Биылғы 1 маусым күні – елорданың сәулетті де сәнді «Нұрлы жол» вокзал кешеніне 5 жыл толды. Вокзал ұжымы алғашқы мерейтой құрметіне сол күні таңертең бірінші болып келген «Өскемен-Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол» бағытындағы №68 Тальго пойызының 1-вагоны 5-орындағы жолаушыға тосынсыз жасады.

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Сондай-ақ, вокзал кешенінде бес жылдық мерейтойға арналған салтанатты шара өтті. Вокзал кешенінің директоры Эрик Шинтеков бес жыл бойы 11 млн астам жолаушыға қызмет көрсеткен елорданың бес теміржол қақпасының қызметкерлерін мерейтоймен құттықтап, еңбекте абыройға кенеле беріңіздер деп ізгі тілегін білдірді.

Нұрлыжолдықтарды Магистральдық желі дирекциясының Вокзал шаруашылығын дамыту және пайдалану жөніндегі атқарушы директоры Жұбан Көрпебаев та құттықтап, осы вокзалдың іргетасы қаланып, пайдалануға берілгенге дейін басы-қасында жүрген Б.Орынбасаров, Ф.Галимов, Е.Мейірбековтің құттықтау лебіздерін жеткізді және ауызбіршілік пен ұйымшылдық, креативтілік пен заманауи көзқарас қалыптасқан ұжымға

еңбекте табыс, денсаулық, амандық тіледі. «Өскемен-Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол» бағытындағы Тальго пойызының 5-орынды жолаушысы Шынар Қойбағарова мен оның ұлына мерейтой иелері ескерткіш сыйлық пен «Нұрлы жол» вокзал кешеніне 5 жыл» деген жазуы бар тәтті торт сыйлады. Ал вокзал ұжымын арнайы құттықтап келген «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры Жәнібек Тайжанов әріптестеріне ақжарма тілегін жеткізіп, жолы болған жолаушыларға билет сатып алғанда әртүрлі мөлшердегі жеңілдіктерді беретін «Алтын» және «Жастар» дисконт карталарын табыстады.

– Бұл мен үшін күтпеген тосынсыз болды. Вагонға кіріп келген вокзал қызметкері «5-орында келе жатқан кім?» дегенде шошып кеттім. Еңбек демалысымды алып, ұлым екеуіміз астананы көруге келе жатқанбыз. Демалысым жақсы тосынсызмен басталып жатыр. Мен Захиатада бұрынғы теміржол

ауруханасында бас бухгалтер болып жұмыс істеймін. «Нұрлы жол» вокзалының ұжымын бесжылдық мерейтоймен құттықтап, еңбекте табыс, денсаулық, бақыт тілеймін. Ал «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на керемет сыйлықтары үшін алғысымызды білдіреміз. Пойыздарымыз тоқтаусыз жүріп, жолаушылар саны арта берсін! – деп жүректарды лебізін білдірді Шынар Қойбағарова.

«Нұрлы жол» теміржол вокзал кешенін және Нұрлы жол станциясын бес жылдық мерейтоймен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, Ақмола ЖТ бөлімшесі жетекшілері де құттықтап, серіктестікке қарасты станциялардың озат қызметкерлерін марапаттады. Вокзал кешенінің ерен еңбегімен көзге түскен үздік қызметкерлері мен мерейтой құрметіне өткізілген үстел теннисі мен шахмат ойыны жарыстарының жеңімпаздары да сый-сияпатсыз қалмады. Салтанат соңы мерекелік концертке ұласты. *Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*



5 ИЮНЯ  
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
РЕФЕРЕНДУМ

КОНСТИТУЦИЯ 2022

ГОЛОСУЙ  
ЗА ПЕРЕМЕНЫ!

## ВЫБРАТЬ БУДУЩЕЕ

Уже в это воскресенье, 5 июня, в Казахстане состоится судьбоносное политическое событие – республиканский референдум по поправкам в Конституцию.

Конституционная реформа является логическим продолжением развития концепции «Слышащее государство». Она предполагает более широкое участие граждан в государственном управлении, усиление защиты их прав, выстраивание оптимального баланса отношений между ветвями власти и повышение политической конкуренции.

– Поправки призваны закрепить окончательный переход от «суперпрезидентской» формы правления к президентской республике с влиятельным Парламентом и подотчетным Правительством – так анонсировал предстоящий референдум Касым-Жомарт Токаев.

Что это значит? Теперь Президент не будет состоять ни в какой политической партии. Этот запрет распространяется также на судей, членов Центральной избирательной комиссии, а также Высшей аудиторской палаты РК. Кроме того, у Президента не будет права снимать с должности акимов районов, городов и сельских округов, а его близкие родственники не смогут занимать руководящие должности на госслужбе и в квазигосударственном секторе.

Грядущие политические реформы затронут все звенья власти. Если казахстанцы поддержат изменения в Основной закон страны, у местных представительных органов появится больше полномочий в выборе акимов из нескольких кандидатов. В статье 87 Конституции РК также предлагается изменить пункт 5, благодаря чему мажоритарным большинством голосов сможет поставиться вопрос об освобождении от должности акимов областей, городов республиканского значения и столицы. Будет усилена роль Парламента.

Создание Конституционного суда расширит возможности казахстанцев по защите своих конституционных прав. Изменения, которые планируется внести в Конституцию, дают им право напрямую обращаться в Конституционный суд для рассмотрения их вопроса. Окончательно закрепится решение об отмене смертной казни.

В пакете из 33 конституционных поправок также поднимается вопрос собственности на землю. Предложена такая редакция: «Земля и ее недра, воды, растительный и животный мир, другие природные ресурсы принадлежат народу». Государство лишь обеспечит контроль над эффективным распределением и освоением недр Казахстана.

Более подробно обо всех изменениях, которые будут внесены в Основной закон РК, можно ознакомиться на сайте rail-news.kz.

К слову, при голосовании на референдуме в Казахстане будут присутствовать 144 наблюдателя от СНГ.

Важность предстоящего события безоговорочна. Каждый казахстанец должен использовать свое избирательное право и принять в нем участие. В административном здании АО «НК «ҚТЖ» будет организован избирательный участок для железнодорожников, находящихся в день референдума на рабочем месте.

Любовь РОББА

## Дөңгелек үстел ЖОЛ КАРТАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры Марат Шакеновтың төрағалығымен 2022-2024 жылдарға арналған ҚР темір жолында мүлктің қауіпсіздігі мен сақталу деңгейін арттыру жөніндегі Жол картасын орындау мәселесіне қатысты дөңгелек үстел өтті.

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Нұр-Сұлтан

Теміржол кәсіпорындарының басшыларымен қатар көліктегі желілік ішкі істер органдарының жетекшілері қатысқан дөңгелек үстелде бірнеше мәселе қаралды. Алдымен Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру және көлік-транзит секторының көшбасшылық рөлін нығайту мақсатында теміржол нысандарында бейнебақылау камераларын орнату мәселесі көтерілді. Магистральдық желі дирекциясы директорының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Абай Досановтың айтуынша, темір жол вокзалдарында бейнебақылау камераларын орнату ҚР ИИДМ-де келісу сатысынан өтіп жатқан «ТГО объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық» бекітілгеннен кейін басталамақ. Сонымен қатар ол вокзал перрондарында сауда жасау үшін Компания жалға алушылардан бірінші сауда дүңгіршіктері мен «мобильді сөрелерді» өз есебінен орнатуды талап ете отырып, бос алаңдар бөлгенін атап өтті.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары – бас инженер Марлен Көкірекбаев Жол картасы шеңберінде атқарылған жұмыстар легінде, бейнебақылау жүйесімен 158 локомотивтің жабдықталғанын атап өтті. Сондай-ақ, бейне тіркеу функциясы бар борт



жүйесі орнатылған ТЭ33Ас сериалы 37 бірлік жүк тепловозы сатып алынғанын жеткізді.

– Сарыағаш, Достық, Ганюшкино сияқты шекара маңындағы басқа да станцияларды АСКО ПВ заманауи техникалық құралдарымен жабдықтау, сондай-ақ, жұмыс істемей тұрған 17 бірлік АСК ГЦВ құрылғыларын қалпына келтіру бойынша іс-шараларды жоспарлап отырмыз. Осыған байланысты, шекара маңындағы Сарыағаш станциясында, сондай-ақ, Екібастұз және Жаңаауыл станцияларында «жылжымалы құрамды бейне талдау жүйесі» пилоттық жобасын өткізу жоспарланып отыр. Пилоттық сынақтардың нәтижелері бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ шекара маңындағы теміржол станцияларын осы жүйелермен жарақтандыру жөніндегі іс-шараларды одан әрі іске асыру жоспары айқындалатын болады. Сонымен қатар вагон таразыларының санын ұлғайтуға қатысты 2022

жылдың соңына дейін жалпы сомасы 355 734 мың теңгеге 26 бірлік таразы сатып алу жоспарланып, қазір сатып алу бойынша конкурс өткізілуде, – деді Марлен Көкірекбаев.

«ҚТЖ-Жолаушылар локомотиві» ЖШС бойынша Жол картасын іске асыру шеңберінде 39 локомотив бейнебақылау жүйесімен жабдықталса, 2023 жылдың бюджетіне 63 локомотивке бейнетіркеліштер сатып алуды қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде екен.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Магистральдық желі дирекциясының қауіпсіздік жөніндегі атқарушы директоры Бахытбек Алдаров, теміржол арқалы адамдардың қауіпсіз өтуі үшін және мал-жаннның пойызға басылып қалуын болдырмау үшін биылғы бес ай ішінде 40 км жол бойына қоршау орнатылып, 68 км жол бойындағы қоршаулар жөндегенін және де 249 тыйым салған белгілерді жаңарту көзделіп отырғанын мәлімдеді. *Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*



**Абай ТУРИКПЕНБАЕВ,**  
президент АО «НК «Ақтауский  
международный морской торговый порт»:

В ЭТОМ ГОДУ В ПОРТУ АКТАУ ОЖИДАЕТСЯ ДВУКРАТНЫЙ РОСТ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕРЕВОЗОК К УРОВНЮ ПРОШЛОГО ГОДА – ДО 50 ТЫСЯЧ ДФЭ. А ОБЪЕМЫ ПЕРЕВОЗОК ПО МАРШРУТУ ТМТМ ВЫРАСТУТ В ШЕСТЬ РАЗ – ДО 3,2 МИЛЛИОНА ТОНН

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ПОРЯДКА

**500 тыс. тонн**

ГРУЗОВ ПЕРЕВАЛЕНО ЧЕРЕЗ ПАРОМНЫЙ КОМПЛЕКС ПОРТА КУРЫК В 2022 ГОДУ

С НАЧАЛА ГОДА АО «ОТЛК ЕРА» ПЕРЕВЕЗЕНО

**254 тыс. дфэ**

ПО МАРШРУТУ КИТАЙ – ЕВРОПА – КИТАЙ

БОЛЕЕ

**3 000**

ЕДИНИЦ ВАГОНОВ И ПЛАТФОРМ ПРИОБРЕТЕНО АО «НК «ҚТЖ» У ОТЕЧЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ ЗА ПОСЛЕДНИЕ ГОДЫ





